

**Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданында 2026 жылға арналған оңайлатылған декларация бойынша арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық ставкасын төмендету туралы**

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы мәслихатының 2025 жылғы 26 қарашадағы № 27/3 шешімі

**Ескерту. 01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі – осы шешімнің 2-тармағымен.**

Қазақстан Республикасы Салық Кодексінің 726-бабына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Солтүстік Қазақстан облысының Қызылжар ауданында оңайлатылған декларация бойынша арнаулы салық режимін қолдану кезінде төлем көзінен ұсталатын салықтарды қоспағанда, корпоративтік немесе жеке табыс салығының ставкасы 2026 жылы алынған (алуға жататын) кірістер бойынша 4 (төрт) пайыздан 3 (үш) пайызға дейін төмендетілсін.

2. Осы шешім 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар аудандық мәслихатының* Ж. Елеусізов  
*төрағасы*